

№ исх: 32-3-03/164 от:
14.11.2019

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

14.11.2019ж. №32-3-03/164

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.М. Жамаловқа**

30.10.2019ж. №ДЗ-158 сауалға қатысты

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Сіздің 2019 жылғы 30 қазандағы №ДЗ-158 сауалыңызды қарап, өз құзыретінің шегінде түсіндірулер жіберіп отыр.

Қалыпты кредиттеуді қайта қалпына келтіру Ұлттық Банктің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Аталған міндетті шешу ақша-кредит саясаты саласында да, экономиканың қаржы және нақты секторларын қалыпқа келтіру жөнінде де шаралар кешенін қабылдауды көздейді. Ресурстардың қолжетімділігін (қарыз алушылар үшін түпкілікті мөлшерлемелер) қамтамасыз ету бөлігінде, сол сияқты ұзақ мерзімді қарыз ресурстарын адекватты ұсынуды және оларға тиімді сұранысты қалыптастыру бөлігінде шешімдер қабылдау қажет.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі бойынша

Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету Ұлттық Банктің негізгі мақсаты болып табылады. Сондықтан базалық мөлшерлеме инфляцияның нысаналы бағдарына қол жеткізуге болатындай деңгейде белгіленеді. Бұны базалық мөлшерлемені күтілетін инфляцияға және экономиканың ұзақ мерзімді өсу қарқынына тең болатын деңгейде белгілеумен қамтамасыз етілетінін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені нақты көрсеткішпен 3-3,5% (номиналдық базалық мөлшерлеме минус 12 айдан кейін күтілетін жылдық инфляция) деңгейінде, яғни экономиканың ұзақ мерзімді өсу қарқынынан жоғары болмайтындай деңгейде ұстауға тырысады. Бұл инфляциялық процестерді реттеу және кредиттік ресурстардың қолжетімділігі бөлігінде ақылға қонымды балансты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Базалық мөлшерлемені нақты көрсеткіштен айтарлықтай төмен деңгейде белгілеу теңгемен активтердің тартымдылығын төмендетуге, соның салдарынан, шетел валютасына ауысуға, экономика долларлануының өсуіне, айырбастау бағамына қысымның түсуіне және инфляция деңгейінің артуына әкеледі.

Осылайша, Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты экономикалық өсуге және кредиттік белсенділікке теріс әсер етпейді. Сонымен қатар, базалық мөлшерлемені төмендету кредиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуіне алып келеді. 2016 жылдың басында теңгедегі өтімділік жетіспеу шегіне жеткен кезде корпоративтік теңгелік кредиттер бойынша мөлшерлеме базалық мөлшерлеме 17% болған кезде, 19,1%-ға дейін жетсе, қазір ол ағымдағы жылғы қыркүйекте базалық мөлшерлеме 9,25% болған кезде, 11,7%-ға дейін төмендеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша әзірленіп жатқан Ақша-кредит саясатының 2030 жылғы дейінгі стратегиясының негізгі бағыттарының бірі пайыздық саясатты одан әрі жақсарту болады. Ұлттық Банк экономикадағы ақша құнының негізгі индикаторы ретінде базалық мөлшерлеменің рөлін арттыру жөніндегі шараларды жалғастырады.

Банк секторының тұрақтылығын арттыру бойынша

Ұлттық Банк 2017-2019 жылдары әлемдік тәжірибені (Ресей, АҚШ, Түркия, Исландия, Ирландия, Италия, Ұлыбритания) ескере отырып әзірленген Банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасын іске асырды. Ірі банктерді қалыпқа келтіру және Ұлттық Банктің реттеуіш-қадағалау функцияларын жетілдіру негізгі бағыты болды.

Мемлекет көрсеткен қолдаудың арқасында банктер баланстарынан жұмыс істемейтін активтердің біршама көлемін есептен шығарды, ал акционерлер банктердің капиталын ұлғайту бойынша өздеріне міндеттемелер алды.

Істің нақты жағдайын анықтау үшін банктерде 2019 жылғы тамызда екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын бағалау басталды (Asset quality review), оның шеңберінде жиынтығында банк секторы активтерінің 87%-ын өтейтін 14 банкке тексеру жүргізілуде.

Банктерді қолдаудың дағдарысқа қарсы шараларын іске асырғаннан кейін және банк секторын тазалағаннан кейін Ұлттық Банк секторды орнықты дамыту шараларына көшті. Бұл үшін 2018 жылы заңнамалық база өзгертілді, ол қаржы ұйымдарын қадағалауда тәуекелге бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әлеуетті тәуекелдер деңгейін төмендету мақсатында барлық процестерді тұрақты қашықтан қадағалау және банкке алдын ала ықпал ету негізі болады.

Нәтижесінде банктердің қаржылық тұрақтылығының одан әрі жақсаруы және қызмет көрсету сапасының артуы күтілуде. Қазіргі уақытта экономиканы кредиттеудің біртіндеп қалпына келуі байқалады. 2019 жылдың сәуір айынан бастап кредиттеу өсімі 7,4% болып қыркүйек айының соңында 13,4 трлн. тенгеге жетті.

Алайда, банк секторын қалыпқа келтіру мен реформалау банктерде проблемалар қайталануын болдырмау мақсатында экономиканың нақты секторын тиісті қалыпқа келтірумен қоса жүруге тиіс.

Бұл – жүйелі мәселе, оны шешу нақты сектор кәсіпорындарын тиімді сауықтыру үшін жағдайлар жасауды және кредиттеуді субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламаларынан біртіндеп шығуды талап етеді.

Нақты экономика тарапының кредиттерге сұранысы бойынша

Экономиканың нақты секторының кредиттік ресурстарға төмен сұранысының негізгі проблемасы заңды тұлғаларды ағымдағы қайта кредиттеу болып қала береді. Экономиканың қаржылық емес секторының субъектілері активтерінің сапасы, олардың төлем және кредит қабілеттілігі екінші деңгейдегі банктер үшін кредиттік тәуекелдердің жоғарылауына алып келеді.

Қазіргі уақытта нақты секторды ынталандыру үшін түрлі жеңілдікпен кредиттеу мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Сонымен, қарыз алушылардың банктердің талаптарына сәйкес келмеуі олардың тиімділігін шектейді. Атап айтқанда, 2019 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша 600 млрд. теңге сомаға басым секторларды кредиттеу Бағдарламасы аясында 248,3 млрд. теңге сомаға 393 өтініш қаралуда, 55,5 млрд. теңге сомаға 147 несие берілді.

Төраға

Е. Досаев

*Орынд.: Джаржанов М.У.
Тел.: 1719*

**Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Жамалову А.М.**

Касательно запроса от 30.10.2019г. №ДЗ-158

Уважаемый Аманжан Макаримович!

Национальный Банк Республики Казахстан, рассмотрев Ваш запрос №ДЗ-158 от 30 октября 2019 года, направляет разъяснения в пределах своей компетенции.

Возобновление здорового кредитования является одной из ключевых задач, которые стоят перед Национальным Банком. Решение данной задачи предполагает принятие комплекса мер, как в области денежно-кредитной политики, так и по оздоровлению финансового и реального секторов экономики. Необходимы решения в части как обеспечения доступности ресурсов (конечные ставки для заемщиков), так и формирования адекватного предложения и эффективного спроса на долгосрочные заемные ресурсы.

По базовой ставке Национального Банка

Основной целью Национального Банка является обеспечение стабильности цен. Поэтому базовая ставка устанавливается на таком уровне, который позволит достичь целевого ориентира инфляции. Мировой опыт показывает, что это обеспечивается установлением базовой ставки на уровне, равном ожидаемой инфляции и долгосрочным темпам экономического роста.

Национальный Банк стремится поддерживать базовую ставку на уровне 3-3,5% в реальном выражении (номинальная базовая ставка минус ожидаемая через 12 месяцев годовая инфляция), то есть не выше долгосрочных темпов роста экономики. Это позволяет обеспечить разумный баланс в части регулирования инфляционных процессов и доступности кредитных ресурсов.

Установление базовой ставки на более низком уровне в реальном выражении приведет к снижению привлекательности тенговых активов и, как следствие, перетокам в иностранную валюту, росту долларизации экономики, давлению на обменный курс и повышению уровня инфляции.

Таким образом, денежно-кредитная политика Национального Банка не оказывает негативного влияния на экономический рост и кредитную активность. Более того, снижение базовой ставки влечет за собой снижение ставок по кредитам. Если в начале 2016 года на пике нехватки тенговой ликвидности ставка по корпоративным тенговым кредитам доходила до 19,1% при базовой ставке 17%, то сейчас она снизилась до 11,9% в сентябре текущего года при базовой ставке 9,25%.

Одним из направлений разрабатываемой по поручению Президента Республики Казахстан Токаева К.К. Стратегии денежно-кредитной политики

до 2030 года станет дальнейшее улучшение процентной политики. Национальный Банк продолжит меры по усилению роли базовой ставки в качестве основного индикатора стоимости денег в экономике.

По повышению устойчивости банковского сектора

В 2017-2019 годах Национальный Банк реализовал Программу повышения финансовой устойчивости банковского сектора, разработанную с учетом мирового опыта (Россия, США, Турция, Исландия, Ирландия, Италия, Великобритания). Главными направлениями стали оздоровление крупных банков и совершенствование регуляторно-надзорных функций Национального Банка.

Благодаря оказанной государственной поддержке банки списали с баланса существенный объем неработающих активов, а акционеры взяли на себя обязательство по увеличению капитала банков.

Для установления объективного положения дел в банках с августа 2019 года стартовала оценка качества активов банков второго уровня (Asset quality review), в рамках которой осуществляется проверка 14 банков, суммарно покрывающих 87% активов банковского сектора.

В результате ожидается дальнейшее улучшение финансовой устойчивости банков и повышение качества предоставляемых услуг. В настоящее время уже наблюдается постепенное восстановление кредитования экономики, с апреля 2019 года рост составил 7,4% до 13,4 трлн. тенге на конец сентября.

Однако, оздоровление и реформирование банковского сектора должно сопровождаться соответствующим оздоровлением реального сектора экономики.

Это – системная проблема, ее решение требует создания условий для эффективного оздоровления предприятий реального сектора и постепенного выхода из государственных программ субсидирования кредитования.

По спросу на кредиты по стороны реальной экономики

Основной проблемой низкого спроса реального сектора экономики на кредиты остается текущая перекредитованность юридических лиц. Качество активов субъектов нефинансового сектора экономики, их платежеспособность и кредитоспособность несут повышенные кредитные риски для банков второго уровня.

На данный момент в целях стимулирования реального сектора реализуются различные государственные программы льготного кредитования. При этом, несоответствие заемщиков требованиям банков ограничивает их эффективность. В частности, по состоянию на 1 ноября 2019 года в рамках Программы кредитования приоритетных отраслей на сумму 600 млрд. тенге на рассмотрении находятся 393 заявки на сумму 248,3 млрд. тенге, выдано 147 займов на сумму 55,5 млрд. тенге.

Председатель

Е. Досаев

*Исп.: Джаржанов М.У.
Тел.: 1719*